KOZYBAYEV UNIVERSITY

# ПАРАСАТ

№1(5), 15.01.2022

1996 ЖЫЛДЫҢ 22 НАУРЫЗЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ИЗДАЁТСЯ С 22 МАРТА 1996 ГОДА




## ЖАҢА ЖЫЛ ЖАҢА ЖЕТІСТІКТЕР ЖЫЛЫ БОЛСЫН!

Жаңа жылмен барлық достарымызды, ағайын-туыс, бауырларымызды және әріптестерімізді шын жүректен құттықтаймын!

Біз үшін 2021 жыл - қиындықтарды табандылықпен жеңуге мүмкіндік берген жыл болды, осыған шүкіршілік етеміз!

Өз басымыздағы атап өткіміз келетін ең басты жаңалық - демографиялық тоқырауға ұшырап, жергілікті тұрғындарының саны жыл сайын азайып бара жатқан Солтүстік Қазақстан облысына, оның ішінде Петропавл қаласына жұртшылықтың да, билік басындағы ұлықтардың да ерекше назар аудара бастауы.

Әсіресе Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті бұған дейін түкпірде жатқан қатардағы көп жоғары оқу орнының бірі болып келсе, енді университетіміздің мәртебесі күрт өсіп, ерекше даму жолына түсті.

Қозыбаев университетінде екі Жоғары мектеп - Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев Университетінің басқаруымен «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі» және АҚШ-тағы Аризона университетінің сенімгерлік басқаруымен «Технология және жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебі» құрылды.

Келешекте қазіргі Қозыбаев университетінің негізінде екі жаңа озық жоғары оқу орны - Назарбаев Университеті үлгісіндегі үздік университет және АҚШ-тың Аризона университетінің филиалы шаңырақ көтереді деген сеніміміз мол.

Қозыбаев университетінің халықаралық биік мәртебеге ие болуына біздің де азды-көпті үлесіміз бар екенін мақтаныш тұтамыз!

Бүгінгі келбеті сәнді, мазмұны мәнді және сапалы, болашағы жарқын осындай айрықша жоғары оқу орнында, Қозыбаев университетінде жұмыс істеп жүргеніміз - тағдырдың бізге бұйырған бақыты мен сыйы деп қабылдаймыз.

Осылайша, Қазақстанның «Солтүстік қақпасы» - Петропавл қаласы отансүйгіш талантты жастарымыздың ғылым-білім ордасына айналуына жаңа жол ашу үшін қызмет етуді өзіміздің азаматтық борышымыз деп санаймыз.

Кез-келген еңбек ұжымының белгілі бір жетістікке жетуі оны басқарып отырған азаматтардың бойында іскерлікпен бірге адалдық пен әділдік қасиеттердің болуына тікелей байланысты екені дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома!

Осы тұрғыдан қарасақ, 2021 жылдың ең басты жақсы жаңалығы - Ерлан Нұрлыбекұлы Шуланов бастаған талантты жас ұйымдастырушы-менеджерлер құрамының Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне басшылық етуге келуі болды.

Қозыбаев университетіндегі бұған дейін өте төмен деңгейдегі азын-аулақ жалақыны ғана қанағат тұтып келген профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер қауымының ай сайынғы алатын еңбек ақысы бір жарым, екі есеге дейін өсті.

Қозыбаев университетінің еңбек ұжымында жаңаша жігерлі жұмыс істеуге деген құштарлық пен болашаққа деген сенім пайда болды.

Соның бір ғана жарқын мысалы ретінде Қозыбаев университетінің қатардағы қарапайым қызметкері ретінде жылына бірақ рет берілетін өзіміздің кезекті бірайлық еңбек демалысымызды туыстас-бауырлас Түркия елінде өткізуімізге мүмкіндік туып отырғанын айтқымыз келеді.

Жаңа жылдың ақ таңын жаңа үмітпен асыға күтіп отырған баршаңызға, үлкен өзгерістер мен жағымды жаңалықтар қарсаңындағы Қозыбаев университетінің үлкен ұжымындағы барлық әріптестерімізге Түркиядан ыстық сәлем жолдаймын!

Жаңа жыл бәріміз үшін құтты жыл болсын!

Ойымыздағы арман-тілектеріміз бен мақсат-жоспарларымыз жүзеге аса берсін!

***Мырзантай Қожабайұлы ЖАҚЫП,***
***газеттің бас редакторы***

# Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің қызметкерлеріне риза болдық

Біздің өткен жылғы желтоқсанның орта тұсында басталған кезекті еңбек демалысымыз биылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалармен тұспа-тұс келді.

Еліміздегі, әсіресе ару қала Алматыдағы ахуал бізге де ауыр тиді.

Бейбіт түрде басталған қарапайым жұртшылықтың талап-тілектерін өздерінің жеке мүдделері үшін пайдаланып, теріс діни ағымдағы қауіпті топтардың өкілдерінің қолдарымен кінәсіз тұрғындарды өлтіріп, мемлекеттік және жеке бизнестік ғимараттарды қиратқан бүлікшілердің іс-әрекеттері біздің де қанымызды қайнатты!

Алдын-ала алып қойған билетіміз қолымызда болса да, Елордамыздың әуежайы шетелдерден, оның ішінде Түркияның Ыстанбұл қаласынан ұшып келуге тиісті ұшақтар үшін жабық деген хабар одан сайын уайымымызды күшейтті.

Қолымыздан келгені - халқымыздың амандығын, еліміздің тыныштығын тілеп, Жаратқанға жалбарындық!

Құр қарап отырмай, әлеуметтік желілердегі парақшаларымызда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бүлікшілерге тойтарыс беру мақсатында еліміздің мемлекеттік біртұтастығын сақтап қалуға бағытталған шұғыл шаралары туралы шынайы ақпараттарды жедел жариялап отырдық.

Өзіміз қызмет істейтін Петропавл қаласындағы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіндегі студент-жастардымызды арандатушы топтардың заңсыз үндеулеріне сеніп қалмауға, сабырлық сақтауға, қоғамдық тәртіпті бұзбауға шақырдық.

Ел басына күн туған осындай қиын кезенде Қазақстан Республикасының Түркиядағы Елшілігі мен Ыстанбұл қаласындағы Бас консулдығы қызметкерлерінің жедел жұмыстарына ерекше риза болдық.

Қазақстанның Түркиядағыдағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Абзал Сапарбекұлының елімізде болып жатқан оқиғалар мен бүлікшілердің қаңтардағы қанды іс-әрекеттері туралы шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарына күндіз-түні шынайы ақпараттар таратқан жедел жұмысына куә болып, көзімізбен көрдік.

Қазақстан Республикасының Түркияның Ыстанбұл қаласындағы Бас консулдығы қызметкерлері еліміздің Түркияда қалып қойған азаматтарымен шұғыл байланыс орнатты.

Еліміздің Ыстанбұлдағы Бас консулдығы қазіргі таңда Қазақстанда орын алған жағдайға байланысты Түркияның әуежайларында елге ұша алмай қалған азаматтарымыздың санын анықтау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізді.

Осы ретте, ұшақ рейстерінің тоқтатылуына байланысты қиындыққа тап болған Қазақстан Республикасы азаматтарының толық аты-жөні (отбасы мүшелерімен қоса) және ұшу бағыты туралы мәліметтерді жинақтап, осындай төтенше жағдайда ерекше жанашырлық танытты.

Қазақстанның Ыстанбұлдағы Бас консулдығының қызметкерлері елімізге жете алмай, Түркияда қалып қойған азаматтарымызды әуежайдан күтіп алып, ұшаққа отыруға дер кезінде түгел тіркелуімізді қамтамасыз етті.

Соның нәтижесінде 2022 жылдың 5-6 қаңтарынан бастап елімізге келе алмай қалған 200-ге жуық отандасымызды Түркияның Ыстанбұл қаласында 9 қаңтар күні түнде «Эйр Астана» компаниясының ұшақтарына отырғызып, 10 қаңтар күні таңертең Елордамызға жеткізді.

Осы жағдайдың басы-қасында жүрген біз Қазақстан Республикасының Түркиядағы Елшілігі мен Ыстанбұл қаласындағы Бас консулдығы қызметкерлеріне ерекше ризашылығымызды білдіріп, алғысымызды айтқымыз келеді.

Туған еліміздің қадір-қасиетін шет жақта жүргенде жақсы біле түсесің!

Биылғы қаңтар айының бас кезіндегі қаралы күндер ешқашан қайталанбасын деп тілейміз!

Қазақстанымыздың Көк Туы әрқашан биікте желбіресін!

***Мырзантай ЖАҚЫП,***
***газеттің бас редакторы***

# За плодотворный труд - заслуженная награда




**В честь 30-летия Независимости Республики Казахстан в г. Нур-Султане состоялось награждение представителей сферы образования и науки. Среди лучших и сотрудники нашего вуза.**

На торжественном мероприятии министр образования и науки Асхат Аймагамбетов вручил им юбилейные медали за значительный вклад в развитие системы высшего образования.

Нагрудный знак «Халық алғысы» получила профессор Жанар Таласпаева. Также, за добросовестный труд и участие в процессе повышения уровня качества образования юбилейной медалью «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» были награждены Председатель Правления - Ректор Kozybayev University Ерлан Шуланов, доктор PhD кафедры «Казахский язык и литература» Гульмира Мухамеджанова, заведующий кафедрой «Экономика и учет» Динмухаммед Шайкин.

Сегодня системная модернизация и продвижение альма-матер - это большой труд преподавателей и сотрудников. От всей души поздравляем лучших работников нашего вуза и желаем дальнейших успехов!

# Наши кёрлингисты вновь первые в стране!

**Студенты Kozybayev University специальности «Физическая культура и спорт» входят в сборную Северо-Казахстанской области по кёрлингу уже не первый год. Они регулярно занимают призовые места на соревнованиях различного масштаба. Вот и в этот раз на чемпионате Республики Казахстан стали абсолютными победителями среди 12-ти сборных со всех регионов!**

Ксения Шкурина, Алина Искакова, Алина Масловская вместе с сокомандницами выиграли и в очередной раз доказали своё мастерство на льду.

Порадовали спортивными успехами и юноши. Студенты ПФ Фархат Раев и Александр Волокитин в составе мужской команды СКО завоевали звание серебряных призёров V Зимней Спартакиады РК по кёрлингу, проходившей с 3 по 25 декабря в г. Алматы.

Тренируют ребят доцент кафедры ТМФиВВ Денис Зернов и старший преподаватель Иван Буняшин. Теперь они будут готовить спортсменов к февральской Универсиаде 2022 г. Особо отметим, что наши студенты входят в состав национальной сборной. Поздравляем кёрлинглистов, желаем и дальше достигать высоких побед!

***Карина САРБАЕВА,***
***корреспондент медиацентра***

# 2022 жылы мемлекеттік білім гранттарының саны 5 мыңға артады

**2022 жылы қазақстандық ЖОО-ларда оқуға арналған білім гранттарының саны тағы 5 мыңға артады.**

**Осылайша, гранттардың жалпы саны 61 мыңға дейін жетеді.**

Естеріңізге сала кетейік, 2021 жылы кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы 5 мыңға, яғни 51 мыңнан 56 мың грантқа дейін көбейтілген.

Жаңа гранттар студенттер арасында сұранысқа ие және өзекті мамандықтарға бөлінетін болады.

Жалпы, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру үшін 2025 жылға дейін білім беру гранттарының саны кезең-кезеңімен тағы да 15 мыңға артады.

Сондай-ақ білім беру гранттарын бөлу кезінде азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін квоталар көзделген.

«Осылайша, Президенттің қолдауының арқасында бюджет есебінен оқуға мүмкіндік алған қазақстандық мектеп түлектерінің саны артты.

Мысалы, өткен жылы бізге 75 мыңнан астам өтінім түсті. Оның ішінде 56 мыңнан астам талапкер грант алды.

Биыл гранттар саны 61 мыңға жетеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалар үшін квоталар санын ұлғайттық.

Яғни, көпбалалы немесе толық емес отбасылардан шыққан балалар, сондай-ақ отбасыларында ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған талапкерлер грант алу үшін әлдеқайда көп мүмкіндіктерге ие болады», - деп хабарлады Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ерғалиев.

***Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі***

# Чистая сессия - начало честности

**По сложившейся традиции во время экзаменационной сессии в Kozybayev University была проведена акция «Чистая сессия» проектным офисом «Саналы ұрпақ». Она направлена на обеспечение прозрачности проведения экзамена, профилактику коррупционных нарушений в системе высшего образования и пропаганду понятия «честности» среди студентов и преподавателей.**

В общей сложности в вузе прошли 2813 экзаменов, из них письменных - 2464, устных - 179, творческих - 65, КТ - 52, защиты проекта - 50.

Уже третий год за ходом проведения контрольных работ следят не только наблюдатели из числа преподавателей, но и волонтёры-прокторы. В этом году это около 60 студентов и представителей общественных организаций. Они помогают экспертам раздавать экзаменационные материалы, предотвращают попытки использования вспомогательных ресурсов при написании ответа, регистрируют экзаменационные работы после их сдачи проверяющим. Ребята ведут контроль как во время оффлайн-, так и онлайн-экзаменов.

«Несомненно, у нас в университете повышается качество знаний, потому что сейчас студенты действительно готовятся к экзаменам. Списать им очень тяжело, практически нереально», - заявляет проктор-волонтёр, студент ФИЭП Евгений Соловьев.

Все выявленные факты нарушения академической честности со стороны обучающихся и преподавателей будут рассматриваться на заседаниях Комиссии по этике. К слову, наша альма-матер с 2018 года состоит в Лиге академической честности. Поэтому самыми главными принципами проведения сессии являются порядочность, неподкупность и, конечно же, честность.

***Карина САРБАЕВА, корреспондент медиацентра***

# Образовательные программы вуза успешно прошли аккредитацию

**В последней декаде декабря в Kozybayev University вела работу экспертная группа Независимого агентства по аккредитации и экспертизе качества образования ARQA. Проверкой были охвачены 10 образовательных программ бакалавриата, магистратуры и докторантуры педагогического, технического и естественно-научного направлений.**

Проведена аккредитация и экспертиза качества образования следующих ОП:

6B01404 Физическая культура и начальная военная подготовка;

7M01401 Физическая культура и спорт;

6B06104 Вычислительная техника и программное обеспечение;

6B06105 Архитектор программного обеспечения;

7M01502 Математика;

7M01501 Информатика;

7M01503 Физика;

7M01504 Химия;

8D07102 Химическая технология органических веществ;

8D04101 Экономика.

По результатам заседания Аккредитационного совета ARQA принято решение о полной специализированной аккредитации 10 образовательных программ сроком на 5 лет. Таким образом, Kozybayev University успешно прошел процедуру независимой экспертизы. Поздравляем коллектив ППС и обучающихся с этим высоким показателем!

***Екатерина ВОЛЬДАНОВА, редактор медиацентра***

# Поздравляем с присуждением государственной научной стипендии!

**Решением Министерства образования и науки РК заведующему кафедрой «Транспорт и машиностроение», к.т.н. Виталию Савинкину присуждена государственная научная стипендия!**



Выплата назначается сроком до одного года учёным и научным работникам, активно участвующим в проведении фундаментальных или прикладных исследований в приоритетных для страны направлениях, а также подготовке научных кадров.

Виталий Владимирович осуществляет научно-педагогическую деятельность более 16 лет. Он автор 3 монографий и учебных пособий, победитель республиканских конкурсов НИРС, «Лучший преподаватель вуза-2015». Является членом редколлегии нескольких научно-технических журналов, в том числе международных. Входит в состав диссертационных советов. Уже много лет ведёт исследования в области восстановления деталей энергетического оборудования с использованием плазменного напыления.

**Поздравляем Виталия Савинкина с этим высоким достижением! Желаем успехов и покорения новых профессиональных вершин!**

www.nkzu.kz

# «Абылай хан тарихы» - қазақ тарихы

**«Мен - қазақпын, мың өліп, мың тірілген» дегенде ақын Жұбан Молдағалиев халқымыздың басынан өткен қайғы мен қасіретті тарихтан оқып білген еді. Осы сөздердің шындығын бүгінгі ұрпақ академик Зарқын Тайшыбайдың таяуда ғана басылып шыққан «Абылай хан тарихы» деген үш томдық ғылыми еңбегінің әр бетінен табады. Солардың бірі біз - университет оқытушысы мен инженер, осы кітаптың қолжазбасын техникалық жағынан ретке келтіріп, оқып отырғанда, көкірегіміз қақ айырылып, бодандық-тағы ата-бабаларымыздың басынан кешкен ауыр оқиғаларды көзбен көргендей болдық.**




Тағдыр тізгінін Ел басындағы Абылай сұлтанға ұстатып қана аман қалған екен қазақ халқы. Шынында, жас сұлтан қазақтың әрбір ұлы мен қызының амандығы, азаттығы үшін, оның малының жайылымы мен қыстауы үшін көл қорыған қызғыштай шырылдаған екен. Шамасы келсе, қару алып, қол бастап қорғап, шамасы келмей қалса, орыс билігіне, қытай бастықтарына жалынып, сұрауға мәжбүр болған екен. Соны көрдік. Абылай бабамыздың басынан кешкен қиын оқиғаларды көрдік. Оның айтқанын орындамаған, тәртіпке бағынбаған ұлы даланың еркесі, тарпаң қазақты көрдік. Абай атамыз айтпақшы, «Мыңмен жалғыз алысқан» халық көсемін, зәбір-жапа шеккен қазаққа араша түсем деп, шегара бастықтарының алдында алтын басын иген Абылай ханды көрдік. Сол бір қиын-қыстау заманды бүгінгі Тәуелсіз өміріміз-бен салыстырдық.

Үш томдық «Абылай хан тарихына» қосылған бірнеше монография Абылай хан заманындағы қазақ тарихының бізге беймәлім қырларын ашып берген. Ал, оларға тұздық ретінде, ұзын саны бір мыңнан аса архив құжаттары әдемі қазақшаланып, түсініктерімен ұсынылған. Кітапта қамтылған құбылыстар мен оқиғалар, 18-ғасырдағы Қазақ тарихының сыр-сипатын қолмен қойғандай көрсетіп берген. Бұрын әр жерде ұшқын-ұшқын үзінді, сілтеме түрінде кездесіп қалып отыратын сілтемелердің деректік қасиеті ашылып, оқушыны жетелеп отырады, қызықты баян, шежіре парақтарындай оқылады.



Үш томдықтың тұсаукесерінде тарихшы оқымыстылар атап көрсеткендей, бұл еңбектің құны - оның кең құлашты, терең мәнді, дәлелді, дәйегі берік тарих екендігінде. Бір сөзбен айтқанда, «Абылай хан тарихы» қазақ халқының тарихы болып шыққан. Тарихы ғана емес, бұл томдардан халықтың тұрмыс-тіршілігі, салты мен дәстүрі, қазақ хандығының құрылымдық жүйесі, ел ішілік, халықаралық саясат мәселелері туралы мағлұмат аласыз.

Алаштың ардақты ұлы Абылай ханның алпыс жылдық өмірі мен қызметінің ізімен жыл-жылымен, айы-күнімен үзбей оқып отырғанда, оның тарихи бейнесі барған сайын толысып, жан-жағынан жарқырап көрініп отырады. Өзіміз бұрыннан оқып, естіп келе жатқандай, «Төле бидің түйесін баққан, тоң май жемейтін, «Сабалақ» тонды бала» емес. «Таудай қалмақтың басын кесіп алып, «Абылай! Абылай!» деп етегі далақтап, айнала шауып жүрген шалдуар-Әбілмәнсүр» емес. Ол - 1732-33 жылдары Қазақстанның солтүстігіне жағалай қорған тартып, қоршап, ауызын арандай ашып, жұтып қоюға ұмтылған жаудан қорғау үшін, арнайы жіберілген бір топ жас сұлтанның (Сұлтанмұхаммет, Ерәлі, Құдайменде...) ішіндегі бастысы да, батыры да Абылай-Мұхаммет-баһадүр сұлтан екен. Сол батыр қолбасшының - атам қазақтың бағына туған Абылай ханға дейін өсіп, мемлекет қайраткері болып қалыптасу жолы осы кітапта сайрап тұр.

Кітаптың қолжазбасымен етене таныс болғандықтан, санамызға сіңген қилы-қилы тарихи оқиғалардан алған әсерімізді шағын мақалаға сиғыза алар емеспіз. Әрине, бұл кітапты қолға алып, оқу керек. Әрбір құжаттың астарындағы құбылыстар, Абылай хан сынды ұлы тұлғаның тынысын, жүрек соғысын, туған елін жер бетінде сақтап қалу жолындағы талпынысын тану керек.

Осындай, кең тынысты, бағалы еңбекті дүниеге әкелген ұстазымызға мың да бір рахмет. Шығармашыл қызметіңіз жемісті болсын.

***Нұргүл АХМЕТОВА,***
***«Журналистика» кафедрасының оқытушысы***

# Қозыбаев университетінің жеті оқытушысы «Оқытушы-зерттеуші» атанды

**Петропавл қаласындағы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессор-оқытушылар құрамына «Оқытушы-зерттеуші» біліктілігі енгізілді.**

**Мұндағы мақсат - Қозыбаев университетінің профессор-оқытушыларын ғылыми қызметке ынталандыру және олардың жоғары рейтингілі ғылыми журналдарға ғылыми еңбектерін жариялауы үшін жағдай жасау.**

2021 жылдың қазан айының бас кезінде Қозыбаев университетінің профессор-оқытушылары арасында «Оқытушы-зерттеуші» біліктілігіне арнайы конкурс жарияланды.

Конкурстың шарттары бойынша:

- «Оқытушы-зерттеуші» біліктілігіне үміткердің оқу жүктемесі бір мөлшерлемеден және сағаттық жүктемеден аспауы керек;
- ағымдағы немесе алдыңғы күнтізбелік жылғы ғылыми салалар бойынша ISI Web Science (Web of Knowledge) және/немесе Scopus деректер қорларындары ғылыми басылымдардың бірінде Q1-ші, Q2-ші және Q3-ші дәрежелерде қамтылған ғылыми мақала жариялауы және ғылым салалары бойынша гранттық қаржыландыру үшін ғылыми жоба ұсынуы қажет;
- «Оқытушы-зерттеуші» біліктілігін алған сәттен бастап Қозыбаев университетінде кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істеуге тиіс.

Қозыбаев университетінің Инновациялар, интернационалдандыру және трансформация мәселелері жөніндегі Басқарма мүшесі (проректоры) Дамел Қайыргелдіқызы Мектепбаева басқаратын бес адамнан тұратын Сараптамалық комиссия «Оқытушы-зерттеуші» біліктілігін алуға өтініш берген профессор-оқытушылардың ғылыми жобаларына талдау жасай отырып, оларды мұқият қарастырып шықты.

Сараптамалық комиссияның ұсынысы бойынша «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы - Ректоры Ерлан Нұрлыбекұлы Шулановтың 2021 жылғы 14 желтоқсандағы № ОД-647 бұйрығымен жеті профессор-оқытушыға «Оқытушы-зерттеуші» біліктілігі берілді.

Еліміздің Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында Қозыбаев университетінің «Оқытушы-зерттеуші» біліктілігі берілген профессор-оқытушылар мыналар:

1) Жақып Мырзантай Қожабайұлы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Журналистика» кафедрасының аға оқытушысы;

2) Дмитриев Павел Станиславович, биология ғылымдарының кандидаты, «География және экология» кафедрасының профессоры;

3) Астапенко Наталья Владимировна, PhD, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» кафедрасының доценті;

4) Икласова Қайнижамал Есімсейітқызы, PhD, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» кафедрасының доценті;

5) Таласпаева Жанар Серкешқызы, филология ғылымдарының кандидаты, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессоры;

6) Петров Павел Анатольевич, PhD, «Энергетика және радиоэлектроника» кафедрасының доценті;

7) Абуов Нұрболат Әскерұлы, тарих ғылымдарының кандидаты, «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының доценті.

Жоғарыда аталған Қозыбаев университетінің «Оқытушы-зерттеуші» біліктілігі берілген профессор-оқытушыларға 2021 жылғы желтоқсан айынан бастап ай сайын, 12 (он екі) ай ішінде салық шегерімін ескере отырып, 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде ғылыми ынталандыру қосымша ақысы төленіп тұратын болды.

Қозыбаев университетінің «Оқытушы-зерттеуші» біліктілігі берілген барлық әріптестерімді шын жүректен құттықтаймыз!

# Қозыбаев университетінің «Журналистика» кафедрасы үздіктердің көшін бастады

**«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы - Ректоры Ерлан Нұрлыбекұлы Шулановтың арнайы тапсырмасымен жоғары оқу орнымыздағы үздік кафедралар анықталды.**

**Еліміз Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында жүргізілген сараптау жұмысының нәтижесінде Қозыбаев университетінің «Журналистика» кафедрасы үздік ұжымдардың көшін бастады.**



Осыған орай, жоғары оқу орнымыздың Тарих, экономика және құқық факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Зәуре Кеңесқызы Картова «Журналистика» кафедрасының профессор-оқытушылар қауымы мен қызметкерлерін арнайы құттықтады.

Биылғы оқу жылында «Журналистика» кафедрасының студенттері мен профессор-оқытушылары ерекше белсенділіктерімен көзге түсті.

Әсіресе, бұған дейін Қозыбаев университетіндегі медиаорталықтың қарамағында болып келген «Парасат» газеті мен телестудиясының 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап «Журналистика» кафедрасына берілуі болашақ журналист мамандарын сапалы оқытып-үйрету ісіне жаңаша серпін алып келді.

«Журналистика» кафедрасының жанынан «Парасат» редакциясы құрылды.

«Журналистика және репортер ісі» білім бағдарламасы бойынша оқып жүрген студенттеріміз аудиториялық және тәжірибелік сабақтар кезінде ақпарат, мақала, сұхбаттар жазып, «Парасат» газеті мен телестудиясының әр саны оқырмандар мен телекөрермендер үшін қызықты шығуына өздерінің үлестерін қосып, болашақ мамандықтарына деген қызығушылықтары күшейе түсті.

Студент-журналистеріміздің «Журналистика және репортер ісі» білім бағдарламасы бойынша берілген тапсырмалар негізінде Қозыбаев университеті мен Петропавл қаласының тыныс-тіршілігі туралы жазған телесұхбаттары мен телесюжеттері біздің әлеуметтік желілердегі парақшаларымызда да үздіксіз жарық көріп келеді.

Қозыбаев университеті «Журналистика» кафедрасының ұжымы мен студент-магистранттарымызды шын жүректен құттықтаймыз!

***Мырзантай ЖАҚЫП,***
***газеттің бас редакторы***

# John Deere жабдығы бойынша студенттік жұмыстар байқауының жеңімпазы анықталды

**Желтоқсан айының соңында Көкшетау қаласында «Eurasia Group Kazakhstan» ЖШС компаниясының базасында «Қазақстан Республикасындағы John Deere жабдығы» тақырыбында жыл сайынғы республикалық студенттік жобалар байқауы өтті. Оған Нұр-Сұлтан, Шымкент, Көкшетау, Щучье, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының жоғары оқу орындары мен колледждерінен 43 студент қатысты.**




Ал университетіміздің атынан Агротехнологиялық факультетінің «Агрономия», «Өсімдіктерді қорғау және карантин» білім бағдарламасының 6 студенті қатысты.

Бірінші турдың қорытындысы бойынша финалға 10 қатысушы лекті, оның ішінде төртеуі Жалғас Айтбай, Әлихан Майсатаев, Шыңғыс Оразмаханов және Алдияр Ғабдуллин университетіміздің студенттері. Айта кетейік, барлық финалистер компанияның таланттар қорына енді. Олар кәсіби шеберліктерін, шығармашылық қасиеттерін және лайықты қарсыластармен тең дәрежеде күресе алатындықтарын көрсете білді.

Алдияр Ғабдуллин байқаудың жеңімпазы атанды! Енді ол Германиядағы немесе Америкадағы John Deere жабдығын шығаратын зауыттардың біріне сапар аттанып, сонымен қатар, «EurasiaGroupKazakhstan» ЖШС компаниясына жұмысқа орналасу сынды мүмкіндіктерге ие болып отыр.

Қазіргі күнде 2 курс студенті Алдияр болашақ агроном мамандығын игеріп жүр. Ол мұндай ауқымды байқауға алғаш рет қатысып отыр. «Eurasia Group Kazakhstan» төрағасы С.Г. Глокке бастаған қазылар алқасы жеңісті біраузыдан біздің студентке беруді ұйғарды. Сонымен қатар, факультетке және ғылыми жетекшіге, «Агрономия және орман шаруашылығы» кафедрасының оқытушысы Р.М. Карманова алғыс білдірді! Айта кетейік, АФ студенттері бұл жарысқа 2013 жылдан бері қатысып, жүлделі орындарға ие болып келеді.

*Зарина МАКШАЕВА,*
*медиаорталық тілшісі*

# Оценён труд активной молодежи

**Студенты 2 курса специальности «Юриспруденция» Евгений Соловьёв и Ксения Мокринская Указом Президента РК были награждены государственной медалью «Халық алғысы». Нагрудные знаки волонтёры получили за свой ежедневный труд в борьбе с коронавирусной инфекцией.**




Евгений Соловьёв оказывал помощь людям, в том числе в случае чрезвычайных ситуаций. За активное участие в обеспечении общественного порядка ему вручили еще и благодарственное письмо министра внутренних дел РК.

«Этот год прошёл очень интересно, но в то же время напряжённо. С начала пандемии была сформирована волонтёрская группа, которая во время эпидемии доставляла жителям продукты питания и медикаменты. Мы очищали дворы пожилых людей от снега, помогали искать без вести пропавших в разгар пандемии и т.д. Сегодня этот нагрудный знак дарит тепло нашим сердцам», - поделился своими эмоциями Евгений Соловьев.

В числе тех, кто активно участвует в общественной жизни области, и молодые специалисты Kozybayev University. Одна из них - старший преподаватель кафедры «Педагогика и психология» Айгуль Айтымова. Она также награждена медалью «Халық алғысы» за активную жизненную позицию и развитие волонтёрского движения среди студенческой молодежи.

С самого начала пандемии волонтёры наряду с работниками здравоохранения стояли на передовой борьбы с COVID-19. Это настоящие граждане своей страны, которые делом продолжают доказывать свою искреннюю любовь к Родине. Мы благодарны им! К слову, название медали



«Халық алғысы» в переводе с казахского языка означает «Народная благодарность», что символично.

*Карина САРБАЕВА,*
*корреспондент медиацентра*

# Награждение партнёров Психологической службы вуза

**25 декабря отмечается день психолога. В преддверии своего профессионального праздника специалистам, оказывающим большую поддержку в работе Психологической службы вуза, были вручены благодарственные письма.**

За психоэмоциональное состояние студентов и коллектива вуза отвечает Психологическая служба Kozybayev University. Специалисты университета ежедневно помогают разрешить проблемы в области конфликтологии, межличностных отношений, профессиональной деформации и кризисных состояний. Для сохранения и поддержания психического здоровья активно проводятся лекции среди студентов.

В этом им помогают работники специализированных медицинских организаций области: Центр психического здоровья СКО и кабинет психологического консультирования личности при кризисных состояниях КГП на ПХВ «Городская поликлиника №3». Такое тесное сотрудничество позволяет нашим студентам и преподавателям найти более точные ответы на свои вопросы, снять «острое» состояние и получить при необходимости эффективное медикаментозное лечение.



«Уже 10 лет работаю психологом в 3 городской поликлинике. Для нас очень важно, чтобы наш труд был оценён. Мы тесно работаем с Kozybayev University. Несколько месяцев назад проводили занятия в форме лекций для студентов, где основной темой стало сохранение психического здоровья и его профилактика»,- отметила психолог городской поликлиники №3 Айгерим Байгузинова.



Всего в честь профессионального праздника благодарности получили 17 сотрудников психологических служб области, оказывающих большую поддержку в работе Психологической службы вуза.

*Карина САРБАЕВА, корреспондент медиацентра*



# Әзіл толқыны жастар бойында

**ЖОО-да «Есілде» жайдарман лигасының финалы өтті. Сахнада ақтық мәреге іріктеліп шыққан 4 команда өнер көрсетті. Олардың қатарында маусымда сенімді түрде мәреге жеткен Қозыбаев университетінің атынан қатысқан құрама және Ақжар және Тимирязев аудандарының әзілқойлары қатысты.**







Ойын 3 кезеңнен тұрды: сәлемдесу, сұрақ-жауап және үй тапсырмасы. Әзілсықақ құрамалары осы тапсырмаларды өте жақсы орындап шықты. Карантиндік шараларға қарамастан әзіл кеші көрермендердің қолдауымен өтті. Өз кезегінде бұл ойыншылардың шешендіктерін, тапқырлықтарын, актерлік шеберліктерін көрсетуге жақсы талпыныс болды. Сайыс барысында ойыншылардың әзілдерінде бүгінгі таңдағы өзекті және еркін тақырыптар көтерілді. Ақтық мәреге осыған дейін жақсы ойын көрсете білген, ұпайлары жоғары командалар шықты. Осы жолы ойыншылар сайысқа жақсы дайындықпен келгендері байқалады.

Ойын нәтижесіне сәйкес «Сага и компания» құрамасы жеңімпаз атанып, Алматы қаласында өтетін республикалық бас лига ойындарына жолдама алды. Екінші орынды көрермен қауымға шексіз күлкі, ұтымды әзілдер сыйлай білген «Тимирязев» құрамасы алса, үшінші орын университет намысын қорғаған «Странные люди» құрамасына бұйырды, ал төртінші орынды «Ойна да күл» командасы түйіқтады. Барлық қатысушыларды шын жүректен құттықтаймыз!

*Зарина МАКШАЕВА, медиаорталық тілшісі*



«ПАРАСАТ»
газеті

МЕНШІК ИЕСІ:
«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

БАСПАГЕР:
«М. Қозыбаев ат. СҚУ» КЕАҚ тарих, экономика және құқық факультетінің «Журналистика» кафедрасы.

БАС РЕДАКТОР:
Мырзантай Жақып.

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР:
Ерлан Оразов.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
15000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Мағжан Жұмабаев көшесі, №6 оқу ғимараты, 215 кабинет, «Парасат» редакциясы.

Қайта есепке қою туралы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2021 жылғы 19 қарашадағы №KZ73VPY00042947 куәлігі берілді.
Газет ай сайын шығады.

Газета
«ПАРАСАТ»

СОБСТВЕННИК:
Некоммерческое акционерное общество «Северо-Казахстанский университет имени Манаша Козыбаева».

ИЗДАТЕЛЬ:
Кафедра «Журналистика» факультета истории, экономики и права НАО «СКУ им. М. Козыбаева».

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:
Мырзантай Жакып.

ВЫПУСКАЮЩИЙ РЕДАКТОР:
Ерлан Оразов.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:
150000, Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, улица Магжана Жумабаева, дом 114, учебный корпус №6, кабинет 215, редакция «Парасат».

Свидетельство о постановке на переучёт №KZ73VPY00042947 выдано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан от 19 ноября 2021 года.
Газета выходит 1 раз в месяц.

## Праздник к нам приходит…

**По традиции Новый год в университете встречают праздничной концертной программой. На главной университетской сцене - лучшие артисты студенческого клуба.**



Праздничное мероприятие с веселыми шутками и добрыми пожеланиями открыли выпускники нашей альма-матер, квнщики Северо-Казахстанской сборной «5 жаңалық». Поздравили собравшихся также Дед Мороз и Снегурочка.

Далее зрители смогли насладиться зажигательными танцами и мелодичными песнями, которые исполнили талантливые студенты. И в ответ, подарили юным артистам бурные аплодисменты!

2021 год был полон приятных новостей для университета. Стоит отметить, что наш вуз с большим достоинством отметил 90-летний юбилей М. Козыбаева, 30-летие Независимости страны. Главными стратегическими партнерами альма-матер стали Университет Аризоны (США) и Назарбаев университет. Увеличена стипендия обучающихся и заработная плата ППС. Также Совет молодых ученых нашего вуза признан лучшим в республике, многие студенты выиграли республиканские и международные олимпиады, научные конкурсы, спортивные и творческие соревнования.

Коллектив Kozybayev University встретил наступающий Новый 2022 год с хорошим настроением и большими надеждами на новые перспективы. Желаем всем успехов и здоровья в наступающем году! С новым 2022!

***Екатерина ВОЛЬДАНОВА,***
***редактор медиацентра***

## Новогодняя сказка в Kozybayev University

**Настоящую новогоднюю сказку подарили детям сотрудников и преподавателей артисты студенческого клуба университета. Театрализованное представление на главной сцене вуза с Дедом Морозом, Снегурочкой, пиратами и Бабой Ягой не оставило равнодушным ни одного ребенка в зале.**

Ростовые куклы и элементы интерактива с аудиторией помогли малышам проникнуться атмосферой праздника. Юные зрители пели вместе с любимыми героями, повторяли нехитрые танцевальные движения и от души смеялись над шутками персонажей.

Героев спектакля играли студенты театров «Пилигрим» и «Кривое зеркало». Режиссёром стала тоже студентка Елизавета Гуляева. Справились со своей задачей актёры на все сто. Дети действительно поверили в волшебство, удивлялись и искренне хлопали в ладоши! В конце вечера маленькие театралы получили сладкие подарки от Деда Мороза и могли сфотографироваться с любимыми героями.

***Екатерина ВОЛЬДАНОВА,***
***редактор медиацентра***

**Қымбатты оқырмандар!**

Құрметті Kozybayev University оқытушылар, студенттер мен қызметкерлері, сіздерді ынтымақтастыққа шақырамыз. Бізге жоғары сапалы фотосуреттермен суреттелген қызықты және көрнекті адамдар, өзекті оқиғалар туралы әңгімелеріңізді, өзекті тақырыптарға материалдар жіберіңіз.

**Дорогие читатели!**

Уважаемые преподаватели, студенты, сотрудники Kozybayev University, приглашаем вас к сотрудничеству. Присылайте нам свои истории об интересных и выдающихся людях, актуальных событиях, материалы на злободневные темы, проиллюстрированные качественными фото.